

Т.Т.Примбетов

Derivative words (types) — actual problems of word formation

There are in the article brought up the questions, concerning features of derivative words in system of word-formation of modern Kazakh language. Also there are analyzed some proceedings on various aspects of derivation system, in particular, a question on the using of specific terms of word-formation in modern Kazakh language. In article the questions, concerning features of derivative words in system of word-formation of modern Kazakh language are brought up. In it some proceedings on various aspects derivatology also are analyzed, in particular, the question on the use of the specific terms new word-formations in modern Kazakh language. As a result of analyses in the given work more or a clear boundary of the use of terms in the field of morphology and word-formation is less defined.

References

- 1 Iskakov A. *Modern Kazakh language*, Almaty: Ana rili, 1991, 384 p.
- 2 Оралбай N. *Word formation of the Kazakh language*, Almaty, 2002, 218 p.
- 3 *System of word formation of modern kazakhsmky language*, Almaty: Gylm, 1989, 368 p.
- 4 Salkynbay A. *Word formation of the Kazakh language*, Almaty: Kazakh university, 2003, 271 p.
- 5 *Kazakh grammar*, Astana: Elorda, 2002, 784 p.

ӘОЖ 81'

К.О.Сапарова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: kamta76@mail.ru)***Сөзжасамдық мағына түрлері мен лексикалық мағынаның арақатынасы (еліктеуіш сөз табы негізінде)**

Мақалада морфология саласында бұрыннан сөз болып келген еліктеуіш сөз табының жасалу жолдары сөзжасамдық жүйе тұрғысынан қарастырылды. Морфологияда еліктеуіш сөз табының жасалу жолдары грамматикалық мағына, форма тұрғысынан қарастырылып келсе, сөзжасамдық жүйеде бұл сөз табының мағына түрлері арқылы жасалатынына назар аударылды. Осы сөзжасамдық, мағына түрлері нәтижесінде сөздердің лексикалық мағынасы да ауысатыны, түрленетіні деген секілді мәселе де нақты мысалдармен дәлелденіп көрсетілді.

Кілт сөздер: қазақ тілі, еліктеуіш сөздер, сөзжасам, сөз, морфология, сөз таптары, грамматика, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тәсіл, лексика.

Ана тілі арқылы адамзат баласы бір-бірімен сөйлесіп, қарым-қатынас жасау нәтижесінде тілдің де сол халықпен өмір сүріп, қоғамды жан-жақты дамытып, сөзжасам жүйесінің үнемі толығына да зор ықпалын тигізеді. Әр ұлттың өзіндік ана тілінің болуына байланысты ұлттық ерекшеліктер қалыптасып, өзіндік рөлі анықталады. Егер де қандай ұлт өкілдері болмасын өз тілінде сөйлемей ана тілін қолданыстан шығарар болса, ана тілінде тәлім-тәрбие алмаса, онда сол ұлт тілімен бірге жойылып, тарих сахнасынан шығып қалады.

Тіл — адам ойын жарыққа шығарып, сол арқылы қоғамдық өмірде аса маңызды қарым-қатынас құралы болғандықтан, ойлаумен тікелей байланысты. Тіл арқылы адам санасы қалыптасып, одан сөз ұғымы пайда болуымен қатар, оны есте сақтауға негіз болады. Осы тұрғыдан келгенде тіл бірдемені үйренудің, білудің, ойлаудың құралы да болып табылады. Ойды білдіру арқылы сөз, сөйлем туындап, ойды құрайтын жекелеген немесе күрделі ұғымдарды тудырады. «Сөз белгілі бір ұғымның атауы болғандықтан да, соған сәйкес ол белгілі бір нақты лексикалық мағынаны білдіреді» [1; 409].

Қай тілді алып қарасақ та, сөзжасалымның нәтижесінде пайда болған барлық сөздер сөздік құрамын құрайды. Сөз ең алдымен лексикологияның тікелей және басты нысана объектісі, ал сөзжасамның жұмысы — жаңа ұғымды қалай атаудың жолын іздеу, сондықтан ол жоқ атауды тілдің

сөзжасамдық нұсқаларының қайсысымен жасауды сөзжасам жүйе жүзеге асырады. Яғни тілдің лексикалық құрамында өмірде пайда болған ұғымдық мағынаның өлшемін тек лексика шешеді де сөзжасам оның тілде атқаратын қызметі мен оның маңызын, жасалу жолдарын анықтайды.

Түркі тілдерінің зерттеу нәтижесінде сол кездің өзінде-ақ сөзжасам жүйесі өзге шетел кірме сөздерінің нәтижесімен толығын көруге болады. «Орхон-Енисей жазба тілдерінде шетел кірме сөздерінің аз ғана мөлшері бар — кейбір лауазым атаулары, қытай және соғды тілдерінен этно және топонимдер» [2]. Көне жазба ескерткіштерінде сөзжасам жүйесінің ертеден-ақ қалыптасып бүгінгі күнге негіз болғандығын Ғ.Айдаров еңбегінде талданып көрсетілген [3]. Осыдан тілдің сөзжасам жүйесі замана бойы қалыптасқан тек тілдің даму процесінде сөз жасаушы элементтер, сөз жасау тәсілдері, модельдері өмірдің елеулі өзгерістеріне сәйкес бірде активтеніп, бірде пассивтеніп, бірде мағынасы кеңейіп, тіпті кейде қолданыстан шықса, енді бірде жаңа қосымшалармен толығып отырады.

Сөзжасам жаңа сөздердің жасалуын тексереді, тілдің сөздік құрамының туынды сөздер арқылы толығын қарастырады. Тілдің сөздік құрамын байытуымен қатар, мүмкіншілігі мол, құдіретті тіл болып қалыптасуы сөзжасамға байланысты. Осыдан келіп лексикология мен сөзжасамның байланысы шығады. Сөз мағынасын осы екі салада да зерттеледі, бірақ екеуі сөз мағынасын әр түрлі мақсатпен зерттейді. Демек, сөз мағынасын зерттеу мақсатында олар бір-бірінен бөлінеді. Сөзжасамда мағынасының негізділігі, мағынаның түрлендірілуі, мағынаның көшірілуі, мағынаның тепе-теңдік қатысының қалай жасалғанын зерттейді. Дәлірек айтсақ, ол туынды сөздің мағынасының қалай жасалғанын, негіз сөз бен негізді сөздердің жасалуын зерттейді.

«Тіл білімінің қай саласын алсақ та, оның зерттеу объектісі я тікелей, я жанама түрде сөзге келіп, тіреледі. Өйткені сөзде фонетикалық қасиетте де (дыбыстық комплекс), лексика-семантикалық қасиетте (ішкі мағына), сөзжасам қасиеті (жаңа сөз, я жана мағына, яғни деривациялық мән), грамматикалық қасиет (морфологиялық құрам мен құрылысы, сөздің түрленуі, сол арқылы бір-бірімен байланысқа түсіп, алуан түрлі грамматикалық мағына білдіріп, сөйлем құрау), бір-бірімен қабысып, қабаттасып отырады» [1; 410]. Сөзжасам сөз мағынасын жалпы лексикалық мағына ретінде емес, сөзжасамдық тұрғыдан қарастырады, яғни негізді сөздің мағынасының қалай жасалғанын зерттейді. Туынды сөздің лексикалық мағынасы қандай негіз сөздің мағынасының жасалуына байланысты сөзжасамдық мағына да анықталады. Сөзжасамдық тәсілде синтетикалық сөзжасамдық тәсіл — ең өнімді тәсілдердің бірі. Демек, бұл тәсілде негіз сөз бен жұрнақ арасында сөзжасамдық қатыс болуымен ерекшеленеді. Сөзжасамдық қатысындағы екі бірлік екі түрлі қызмет атқарады да, туынды сөздің лексикалық мағынасына негіз сөз тірек болады. Осыдан келіп негіз сөз бен туынды мағына бір-бірімен байланысты болып шығады.

Еліктеу сөз табының синтетикалық тәсілмен жасалу жолы тұрғысынан туынды сөз жасау үшін оның, біріншіден, лексикалық мағынасы болуы қажет етілсе, екіншіден, оның сөзжасамдық жұрнағы болуы керек. Бұлар тілдік бірлікке жататындықтан, әрқайсысының өзіндік атқаратын қызметтерімен ерекшеленеді. Еліктеуіш сөздер тілімізде сөзжасамдық мағына негізділігінен көптеген туынды сөздер жасауға қабілетті. Мысалы: *Мына жағдайды естігеннен кейін Масақ ырсылдап-гүрсілдеп дереу шеберханаға жетіпті* [4; 188]. *Мына зеңбіректі гүрсілдетіп тұрып атамыз* [4; 186]. — *Әй, неғып тұрсың сүмірейін? Кет жолдан! — дейді ол анадайдан-ақ күркірей дауыстап* [4; 184]. Осы бір ғана шығармадан келтірілген мысалдардағы *ырсылдап, гүрсілдеп, күркірей* деген негізді сөздің мағынасына арқау болған негіздер *ырс-, гүрс-, күрк-* еліктеуіш сөздері. Туынды сөз бен негіз сөздің мағыналық байланысы осы: *ырс* — *ырсылдап, гүрс* — *гүрсілдеп, күрк* — *күркірей* сөздерінен анық байқалып тұр. «Туынды сөздің сөзжасамдық мағынасы мен лексикалық мағынасы жалпы мен жеке мағынаның қарым-қатынасы деп қаралуы керек, өйткені әр туынды сөздің лексикалық мағынасы сөзжасамдық мағынаға кіреді» [1; 194]. Сонымен, туынды сөз жасалғаннан кейін сөзжасам негіз сөзден туынды сөздердің жасалу жүйесін зерттейді.

Сөзжасам жүйесінде негіз сөздің лексикалық мағынасына жаңа сөздік лексикалық мағынасына арқау болады, нәтижесінде бір лексикалық мағына екінші лексикалық мағынаның негізінде жасалады. Сөз мағынасының негізінде туынды сөздің, жаңа сөздің мағынасы түзіледі. Мысалы, *жалт* — *жалтақ* — *жалтаң* — *жалтар* — *жалтыл* — *жалтыр* — *жалтарма* — *жалтарыс*, *қалт* — *қалтқы* — *қалтыл* — *қалтылдақ* — *қалтырауық*, *лап* — *лапас* — *лапыз* — *лапыл* — *лапылда* — *лапылдақ* деген сөздерде 3 түбірлес сөздер бар, олар *жалт, қалт, лап* негізгі түбірден жасалған 3 түрлі түбірлес сөздер. Осы негіз еліктеуіш сөздерден туындаған, бұлар — бір сөзжасамдық тип арқылы құралған туынды сөздер. Демек, туынды сөздер негіз сөздерден басқа сөз табына айналған,

олардың сөз табы категориясы өзгерген. Туынды сөздің лексикалық мағынасының түрленуіне негіз сөздің лексикалық мағынасы арқау болады, бұл негіз сөз бен туынды сөздің мағыналық байланысын туғызатын түбірлес сөздерде, сөзжасамдық ұя мен сөзжасамдық жұпта, сөзжасамдық тізбекте айқын байқалады. Жоғарыда келтірілген еліктеуіш сөз табының сөзжасамдық мағына негізділігінен туындаған 3 түрлі түбірлес сөздерде бәрінің мағынасында жақындық бар, себебі олардың бәрінің мағынасының жасалуына *жалт, қалт, лап* деген үш сөз негіз болып тұр. *Жалт, қалт, лап* еліктеуіш сөздері туынды сөздің мағынасына арқау болғандықтан, оларда мағына ұқсастығы, жақындығы бар, олардың мағына байланысы көрініп тұр. Әрі бұлардың әрқайсысында түбірлес сөздер толық қамтылмаған. Өйткені олар сөзжасамдық ұяның бір тізбектері ғана, ал түбірлес сөздерді сөзжасамдық ұя ғана толық қамтиды. Бір сөзжасамдық ұяда қанша туынды сөз болса, оның бәрі түбірлес сөзге жатады, ондағы туынды сөзінің бәрінің мағыналары бір-бірімен байланысты болады, себебі олар — бір негіз сөзден өрбіген, жасалған туынды түбірлер. Ең түпкі бастапқы негіз сөз олардың мағына байланыстылығын туғызады. Ол сөзжасамдық жұптан басталып, сөзжасамдық тізбектердің бірінен-бірі тікелей өрбитін сөзжасамдық ұяға қатысты, яғни сөзжасамдық ұяның әр сатысында қанша туынды сөз жасалса, оларда бір-бірімен мағыналық байланыста болады. Ал сөзжасамдық ұяда мағыналық байланыссыз сөз болмайды. Омонимдер сияқты бірнеше ұғымды білдіретін «так» сөзін қарастырсақ, сөз мағынасына қарай бірде еліктеуіш сөз табына жатса, енді бірде зат есім болатын, ал бірде сөйлем мағынасына қарай сын есім және етістік болады. «Бір сөздің ешбір жұрнақсыз сөз табына меншіктілігін ауыстыруы құбылысын сөзжасамдық тұрғыдан қарау басым бағыт алды. Сөздің дыбыстық құрамын, тұлғасын өзгертпей, оның бұрынғы мағынасының үстіне тағы да жаңа мағына қосу, сол арқылы бір сөзге бірнеше сөздің қызметін атқарту тілде кең өріс алды» [5]. Негіз сөз бен негізді сөзден құрылуына байланысты *тақ* негіз сөзі мағынасының байланысы сөзжасамдық ұядағы негіз сөзге сөзжасамның тізбектері туынды сөздердің бәріне негіз болып тұр. Мысалы: ТАҚ I *Монархтың (хан, шах, патша, корольдің) отыратын орындығы, билікке ие болу белгісі*. ТАҚ II 1. *Жұппен алмасын келіп отыратын сан (1, 3, 5, 7...)*. 2. ауысп. *Жеке, дара, жалғыз*. ТАҚ III *Нақ, тура, дәл*. ТАҚ IV 1. *Бір нәрсені қадау, жапсыру, ілу*. ТАҚ: *тақ* етті 1. *Сарт еткен, тақылдап естілген дыбыс*. 2. *Сақ етіп, дәлме-дәл тіл қатты*. Тақа I 1. *Аяқкиімнің табынына байлайтын жылқының төрт не екі тұяғы*. 2. *Аяқ киім өкішелігі*. ТАҚА II *Нақа, нағыз, тура, мүлде*. ТАҚА III *Жақындау, жуықтау, таяну*. ТАҚАҚТА *Бір нәрсені қайта-қайта айтып не сұрап мазаны алу*. ТАҚАС I 1. *Талас-тартыс, егес, ерегіс*. 2. *Қиын-қыстау, қысылшаң*. ТАҚАС II *Ерегісу, егесу, таласып тартысу*. ТАҚАСТЫҚ *Ерегесушілік, егесушілік, тақас болушылық*. ТАҚАУ *Таяу, жуық, жақын*. Тақия — *кестелеп, сырып тігілген, дөңгелек, жеңіл баскиім*. ТАҚПАҚ *Жаттап алып, көпшілік алдында айтатын шағын, қысқа өлең*. ТАҚСЫР *тар. Мәртебесі жоғары адамға жалыну, жалбырану, құлдық ұру мәнінде айтылатын қарапта сөз*. ТАҚСІРЕТ *Ауыртпалық азабы, азап, қиыншылық*. ТАҚТА I 1. *Бормен жазуға арналған сынып тақтасы*. 2. *Түрлі құлақтандыру, жарнама, газет т.б. ілінетін арнаулы тақтай*. ТАҚТА II *Арасың межелеп бөлшектеген егістік жер*. ТАҚТАЙ *Бөренені ұзыннан тіліп жасалатын, екі жағы тегіс жұқа ағаш кесіндісі, құрылыс материалы*. ТАҚТАҚ II *Әбден тапталып қалған кедірбұдырсыз, тегіс*. ТАҚ-ТАҚ 1. *Тарс-тарс, сарт-сарт*. 2. *Сөзге пысық, зерек*. ТАҚ-ТҮҚ *Болар болмас, жетер жетпес*. ТАҚУА *Діндар, діншіл*. ТАҚЫЛ 1. *Тақ-тақ еткен дыбыс, тықыл*. 2. *Сөз, лебіз*. ТАҚЫЛДА 1. *Тақ-тақ еткен дыбыс шығару; тарсылдату*. 2. *Мүдірмей, бөгетсіз тықылдап сөйлеу*. ТАҚЫЛЕТТЕС *Ұқсас сияқты; тақылетті*. ТАҚЫМ *Тізенің астыңғы, ішкі жағы*. ТАҚЫМДА 1. *Көлікті жүргізу үшін тақым қағу, тақым қысу*. 2. ауысп. *Қыр соңынан қалмау, ізіне (соңына) түсу*. ТАҚЫМДЫ *Талап қойғыш, табанды*. ТАҚЫМДЫҚ *Тақымының тұсы* т.б. [6]. Бұл мағына негізділігінің мағына байланыстылығын туғызуына тікелей байланысты. Негізді сөз қай тәсілмен жасалса да онда мағына негізділігі, заңдылығы сақталады.

Жаңа ұғымдар пайда болуы сөздердің дүниеге келуі мен жасалуының белгілі заңдылықтары орнығады. Сөзжасам жүйесіндегі тіл көне заманнан бері үнемі толығып, дамып, күрделеніп, әбден қалыптасқан заңдылықтары арқылы ғана жүзеге асады. Заңдылық ретінде қалыптаспаған тілдік құбылыстар өзіндік сипаты болмағандықтан, сөзжасам жүйесіне жатпайды. Жаңа сөз жасау сөзжасам жүйесінің қалыптасқан заңдылықтары арқылы ғана жүзеге асып, сөзжасамдық элементтердің белгілі бір сөз табына қатысы айқындалып, олар белгілі бір сөз табының көрсеткіші саналады.

«Жаңа сөз жасауға тілдегі түбірлердің барлық түрі қатысады. Оларды атағанда, мынадай: негізгі түбір, туынды түбір, біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз. Сөзжасамға негіз сөз қызметінде қатысатын бұл түбірлердің көбі (негізгі түбірден басқасы) — сөзжасам процесінің нәтижесінде туған туынды сөздер [7]. 1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты ұжымдық еңбекте осы

сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі кеңінен қарастырылған. Сөз сөйлем ішінде түрлі мағына беруіне әр түрлі көп мағынаға ие болады. Оның дыбыстық, морфемдік құрылымы сақталып тек жаңа мағынаға ие болады. Тіл білімінде мұндай құбылыс прономинализация (сөздердің бір сөз табынан екіншісіне айналуы) деп аталады. Белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, көп мәнді, ең бастысы омонимдік қатарға келуі арқылы жасалады және сөздердің о бастағы мәнін жоғалту не болмаса әлсірету барысында басқа бір сөз табының қатарынан танылуға жол береді. Тіл жүйесінде омонимдердің бірнеше түрі кездеседі. «Көп мағыналы сөздердің жеке мағыналары арасындағы байланыстың үзілу нәтижесінде пайда болған омонимдердің екі тобы болады. Олардың бір тобы лексика-грамматикалық омонимдер болса, екінші тобы лексикалық омонимдер деп аталады. Лексика-грамматикалық омонимдер — бір мезгілде бірнеше сөз табының қызметінде қолданылатын, генетикалық тұрғыдан туыспайтын омонимдер. Лексикалық омонимдер — бір сөз табының құрамына кіретін, генетикалық тұрғыдан туыстас омонимдер» [8].

Әр сөз табының сөзжасамға қатысы әр түрлігімен ерекшеленеді. Мәселен, зат есім, сын есім, етістіктерге қарағанда еліктеуіш сөз табының сөзжасамы өте төмен болып келеді. Дегенмен еліктеуіш сөздер тілімізде сөзжасамдық мағына негізділігінен көптеген туынды сөздер жасауға қабілетті. Ал шылау мен одағайлардың сөзжасамдық қабілет жасау мүмкіндігі өте төмен болады деген пікір бар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ грамматикасы. — Астана: Елорда, 2002. — 784 б.
- 2 Түркі тілдері. Энцикл. бас. — Астана: Фолиант, 2002. — 134-б.
- 3 *Айдаров Г.* Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. — Алма-Ата: Наука, 1971. — 157 с.
- 4 Бастау. Повесть, әңгімелер өлеңдер. — Алматы: Балауса, 1993. — 272 б.
- 5 *Щербак А.М.* Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: Наречие, служебные части речи, изобразительные слова. — Л.: Наука, 1987. — С. 5.
- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Дайк-Пресс, 2008. — 775-б.
- 7 *Оралбаева Н.О.* Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамдық жүйесі. — Алматы: Ғылым, 1988. — 12-б.
- 8 *Малбақов М.* Бір тілді түсіндірме сөздіктердің құрылымдық негіздері. — Алматы: Ғылым, 2002. — 194-б.

К.О.Сапарова

Виды словообразовательного значения и их отношение к лексическому значению (на материале подражательных слов)

В статье рассмотрены способы и пути образования, а также словообразовательные свойства подражательных слов, известных в современной морфологии как одной из полноценных самостоятельных частей речи. Морфология рассматривает пути образования подражательных слов с учетом их грамматического значения и формы; в то время как словообразование делает акцент на смысловые типы, образующие новые слова. Лексические различия данных типов автор продемонстрировала языковыми примерами.

К.О.Saparova

Types of word formation value and their relation to a lexical meaning (on a material of imitative words)

In the article the word-formation properties of imitative words commonly known in modern morphology as one of the full-independent parts of speech. Morphology considers how education imitative words with their meanings and grammatical forms, while the derivation focuses on semantic types, the new word. Lexical differences of data types you can well see in the above examples.

References

- 1 *Kazakh grammar*, Astana: Elorda, 2002, 784 p.
- 2 *Turkic languages. Encyclopedic edition*, Astana: Foliant, 2002, 700 p.

- 3 Aydarov G. *Yazyk orkhonskikh of monuments of drevnetyurksky writing of V III centuries*, Alma-Ata, 1971, 157 p.
- 4 *Bastau. Stories, stories and verses*, Almaty: Balausa, 1993, 272 p.
- 5 Shcherbak A.M. *Sketches on comparative morphology of Turkic languages: Adverb, auxiliary parts of speech, graphic words*, Leningrad: Nauka, 1987, 150 p.
- 6 *Explanatory dictionary of the Kazakh language*, Almaty: Dayk-Press, 2008, 968 p.
- 7 Oralbayeva N.O. *Word-formation system of numerals in modern Kazakh language*, Almaty: Gylym, 1988, 104 p.
- 8 Malbakov M. *Structural bases of monolingual explanatory dictionaries*, Almaty: Gylym, 2002, 367 p.

ӘОЖ 81:39

Б.Р.Хасенов, А.А.Бименде, А.Б.Сатбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: boka_001kz@mail.ru)

Символ — тілдік-танымдық код

Қазіргі қазақ тілінің антропологиялық бағыттағы зерттеулерінде түр-түске ерекше көңіл бөлініп, тың зерттеулер жасалынып жүр. Қоршаған ортадағы шындықты көп жағдайда түр-түс арқылы қабылдаймыз және де түр-түс атаулары әр халықтың мәдени коды болып табылады. Авторлар түр-түс арқылы қалыптасқан символдар және символдың өзіне тән архетиптілік, уәжділік және бейнелілік секілді негізгі белгілерін сөз етеді. Шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, символға тән белгілердің ерекшеліктерін көрсетті.

Кілт сөздер: түр-түс атаулары, колоративті лексика, символ, архетиптілік, ұлттық код, таным, уәжділік, қоңыр, бейнелілік, түркі танымы, түркі тілі, қазақ тіл білімі, лингвистика, кара, қызыл.

«Символика» сөзі гректің тілінен аударғанда «белгілі бір қоғам мүшелері мен әлеуметтік топтар үшін ғана түсінікті шартты белгілер» деген мағынасынан шығып, қазіргі күні әр түрлі идеяны, түсінікті, ұғымды, ойды, сезімді, іс-әрекетті білдіретін шартты белгілердің жиынтығы деген мағынаға ие. Символды тану сонау көне замандарға барып тіреледі. Символ жайлы ой айту Аристотель, Платондардан бастау алып, И.Кант, Шлегель, т.б. жалғасып, еңбектерінде сипатталған.

Қазақ ғылымда өз бастауын Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, С.Мұқанов еңбектерінен алса, осыған жалғас ғылыми көзқарастарды тілші-ғалымдар І.Кеңесбаев, Ә.Қайдаров, Е.Жампейісов, К.Хұсайынов, Р.Сыздық, Ж.Манкеева, Б.Ахбердиева, т.б. еңбектерінен көруге болады. Этнограф ғалымдардың ішінен Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, А.Сейдімбек еңбектері қазақ мәдениетіндегі ұлттық символдар табиғатын тануға, саралауға жол ашады. Ғалымдар қазақ тілінің дыбыс символикалы сөздері фоносемантика тұрғысынан (К.Хұсайынов), қазақ тілі дыбыстарының символикалық мәнін ашу мәселесі (І.Кеңесбаев), түр-түс символикасына қатысты (Ә.Қайдар) т.б. қырларын зерттеген. Ал Қ.Қайырбаева өзінің символға қатысты кандидаттық жұмысында символдың белгілеріне, оның тілдік таңбадан, өзге троп түрлерінен айырмашылықтарына тоқталып, теориялық мәселеге көп көңіл бөлген.

Әр халық дүниедегі заттарды түрліше қабылдап, өзінше түйсінеді. Сол түйсінген құбылысты, заттарды өзінің ұлттық тілінде бейнелейді. Сол арқылы әлемнің тілдік бейнесін жасайды. Әлем бейнесін жасаушы элементтердің бірі — түр-түс атаулары.

Түр-түстердің рухани өмірімізде алатын орны ерекше. Өзімізді қоршаған орта, табиғат әр түрлі түстерден құралғандықтан да, біз олардан шеткері өмір сүре алмаймыз. Әсіресе түр-түс атаулары белгілі бір идеяны, ұғымды, түсінікті беруде, сан алуан мәдени ақпарды жеткізуде алар орны бөлек болатыны белгілі. Халықтың дүние бейнесін жасаудағы рухани құралы — оның тілі. Сол тілде терең түсінікті жинақтаған, өне бойына сан ақпаратты құлыптаған, ғасырлар бойы терең танымның нәтижесінде қалыптасқан түр-түстерден жасалған символдар бар. Бұлар — халық санасының жемісі.

Ұлы жазушы М.Әуезұлының «Абай жолы» роман-эпопеясында келтірілген мына бір дерек кісі өлгенде тігілетін түрлі-түсті тудың қайтыс болған адамның жасынан, әлеуметтік дәрежесінен хабардар ететінін байқатады: «...Байдалы сүйекті орналастырып болысымен, сол өлік үстіне тіккен ақ үйдің он жақ белдеуіне өз қолымен әкеп қара тікті. Бұл жұмыс өліктің артын күтудің үлкен бір серті еді. Қара дегені — ұзын найзаның басына тіккен ту. Егер Бәжсей жай қара қазақ емес,